

**Ұлытау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 шілдедегі № 113 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі XXII сессиясының № 188 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 қазанда № 2794 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 қазандағы № 49 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 12.10.2016 № 49 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ұлытау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ұлытау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 шілдедегі № 113 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2381 болып тіркелген, 2013 жылғы 17 тамыздағы № 30 (5902) "Ұлытау өңірі" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларының 7-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Ұ. Қожасова

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы Т. Сейтжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК